

МАҒЖАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:



Өмір

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт:
Көк тұнжырап мұңайып, қабақ жауып,
Көз ашқанда аспанда жарқылдап от.
Бұрқыратқан екпінді дауыл еді,
Сабап күйған жиіркеніш жауын еді.
Қорқып-сасып, жан-жануар есі шығып,
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.
Бұлт айықты, көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып.
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылуға қашаннан болған асық.
Бейне алтындай көкте бұлт тұр ғой жайнап,
Енді жел жоқ мазалар оны айдап,
Жанға рақат гүлдерден хош иіс аңқып,
Жан беріп кең далаға, құстар сайрап.
Өмір осы - бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Құрып дымың, қайғырып, жас төгерсің,
Бұлт ашылар - қайғының бәрі бітті.

Мағжан Жұмабаев

gucbs@mail.ru
Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-
библиографиялық бөлім

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің
жанындағы КММ
«Орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі»



**«МАҒЖАН ЖЫРЫ
МӘңГІЛІК»**

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ 130 ЖЫЛ

*Мағжан Жұмабаев жай ғана ақын емес,
ұлт болашағы үшін күрескен Алаш
қайраткері. Рухты жырларымен
халықты жігерлендіріп, елді татулыққа
шақырды. Бірақ солақай саясаттың
құрбаны болды.*

Мағжан Жұмабаев қазақтың бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен танымал тұлға. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы Кеңес кезінде кісенде болды.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы. Азан шақырып қойған аты – Әбілмәжіт.

Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишектен Шығыс халықтарының

*Мағжан Жұмабаев жай ғана ақын емес,
ұлт болашағы үшін күрескен Алаш
қайраткері. Рухты жырларымен
халықты жігерлендіріп, елді татулыққа
шақырды. Бірақ солақай саясаттың
құрбаны болды.*

Мағжан Жұмабаев қазақтың бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен танымал тұлға. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы Кеңес кезінде кісенде болды.

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы. Азан шақырып қойған аты – Әбілмәжіт.

Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишектен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды,

*"МАҒЖАН – АЛДЫМЕН СЫРШЫЛ АҚЫН.
НЕ ЖАЗСА ДА СЫРЛЫ, КӨРКЕМ, СӘНДІ
ЖАЗАДЫ. ОҚУШЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ӘСЕР
ЕТЕ АЛМАЙТЫН ҚҰРҒАҚ ӨЛЕНДІ, ЖАБАЙЫ
ЖЫРДЫ МАҒЖАННАН ТАБА АЛМАЙСЫЗ. ОЛ
ТАБИҒАТТЫ СУРЕТТЕЙ МЕ, ӘЙЕЛДІ ЖАЗА
МА, ТАРИХИ АДАМДАРДЫ АЛА МА, ЕРТЕГІ
АЙТА МА, ҰРАН САЛА МА – БӘРІНДЕ ДЕ
АҚЫННЫҢ ОЙЛАҒАНЫ, СЕЗГЕНІ,
ЖҮРЕГІНІҢ ҚАЙҒЫРУЫ, ЖАНЫНЫҢ
КҮЙЗЕЛУІ, КӨҢІЛІНІҢ КІРБЕНІ КӨРІНІП
ТҰРАДЫ. ҚАЙ ӨЛЕҢІН ОҚЫСАҢ ДА,
НЕ АҚЫНМЕН, НЕ ӨЗ ЖҮРЕГІҢМЕН, НЕ ЕЛ
ЖҮРЕГІМЕН СЫРЛАСҚАНДАЙ БОЛАСЫҢ.
АҚЫННЫҢ ӨЗІ КӨРІНБЕЙТІН ӨЛЕНДЕРІН
ОҚЫСАҢЫЗ ДА, ЕРІКСІЗ БІР СЕЗІМ
ТУҒЫЗАДЫ. ӘЛДЕ ӨКІНДІРЕДІ, ӘЛДЕ
МҰҢАЙТАДЫ, ӘЛДЕ ЖЫЛАТАДЫ, ӘЛДЕ
АЯТҚЫЗАДЫ, ӘЛДЕ ЕСІРКЕТЕДІ, ӘЛДЕ
ЖІГЕР БЕРЕДІ..."*

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

